



ISSN 2226-6070
9 772226 607127 0 3

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті

Костанайский государственный университет
имени Ахмета Байтұрсынова

№ 1 2015 «3: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация»



КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

УДК 81-112.2

**КОММУНИКАТИВТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ КОНФЛИКТІЛІ МӘТІНДЕРДІ
ШЫНДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ СИПАТТУДЫҢ
ЮРИСЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

Оразбаева А.С. – ф.ғ.к., аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Мақалада қазіргі лингвистиканың жаңаша мақсат-міндеттері, лингвистика жән юриспруденцияның ортақ мәселелерін қозғайтын сала - юрислингвистикамен де тығы байланысты екендігі айтылады. Юрислингвистиканың аралас, қолданбалы және жек аспектілеріне заңдық материалдарды қолдануды жатқызамыз. Заңдық материалдарды практикалық маңызы өте зор. Юриспруденцияда заң шығару техникасы мен заңдарды түсіну жән түсіндіру техникасы, соттардың тілдерінің құрылымы және түрлі құжаттарды рәсімдеу ретінде: заңдық аспектілер юрислингвистиканың күн тәртібіндегі өзекті мәселелері. Юрислингвистика әдеби тілдік норманы заңдық деңгейі қарапайым тіл мен өзге тілдерд. қолдануын қозғайды. Қазіргі таңда лингвистика коммуникативті-прагматикалық қызметт жаңаша мақсат-міндеттерді көздейтіндігі айтылып та жүр. Тілдің әлеуметтік функциясы жән оның мәдениеттегі, діндегі, ұлттық және саяси өзін-өзі танудағы, сонымен бірге мемлекетт құрылымдағы тілдің ролі әлеуметтік әдебиеттерде жиі сөз болады. Тілдің психологияме тарихпен, әлеуметтанумен, логикамен, философиямен және т.б. байланысы баршамызға ая. Тілдің осындай басқа салалармен байланысының негізінде өз алдына зерттеу нысаны айқын т білімінің психолінгвистика, социолінгвистика, этнолінгвистика, когнитивтік лингвистика т. салалары қалыптасты. Мақалада лингвистикалық әдебиеттерде тілдің заңдық аспектісі, яғни т мен юриспруденцияның өзекті мәселелері сөз болады.

Негізгі ұғымдар: лингвистикалық сараптама, лингвистика, юрислингвистика, құқық, со процесі, сараптама өндірісі.

**ЮРИСЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ СПОСОБЫ ОПИСАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ
ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОНФЛИКТНЫХ ТЕКСТОВ В ОБЛАСТИ
РЕАЛИСТИЧЕСКОЙ КАТЕГОРИИ**

Оразбаева А.С. – к.ф.н., старший преподаватель, Костанайский государственни университет имени А.Байтұрсынова

В статье повествуется новые цели и задачи современной лингвистики, а именно тесь связь юрислингвистики как сферы затрагивающей общие вопросы юриспруденции и лингвисти. К юрислингвистике мы относим прикладные, смешанные и отдельные аспекты использован законных материалов, так как в практике они имеют значимую роль. К актуальным вопрос юрислингвистики на сегодняшний день относят технику создания законов, технику их понимат и донесения, состав судебного языка и лингвистические аспекты в оформлении различн документов. Юрислингвистика ограждает литературный язык от просторечий и употреблет иноязычных слов в СМИ. На данный момент лингвистика нацелена на постановку новых целе задач в коммуникативно-прагматической функции. В социальных литературах часто говоритс социальной функции языка и его культуре, в религиозном, в народном и политическ самопознании, а также указывается роль языка в составе государства. Всем извест взаимосвязь языка с психологией, историей, социологией, логикой, философией и другими наука. На основе взаимосвязи с отдельными сферами, сформировались такие отдельные сфе языкознания как психолінгвистика, социолінгвистика, этнолінгвистика, когнитив лингвистика, которые имеют собственный объект исследования. В статье говорится о законн аспектах языка в литературе, то есть об актуальных проблемах языка и юриспруденции.

Ключевые слова: лингвистическая экспертиза, лингвистика, юрислингвистика, пр судебно процесс, производство экспертизы.

**LEGAL LINGUISTIC METHODS OF DESCRIPTION OF COMMUNICATIVE MUTUA
RELATIONS OF CONFLICTING TEXTS IN A REALISTIC CATEGORY**

Orazbayeva A.S. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Kostanay State Unive after A. Baitursynov

Nowadays new goal of linguistic is connected with juris linguistic it is mutual matters of jurisprudence and linguistics. Legal materials are very important in the practice. Jurisprudence plays an important role in managing low technic and understanding it, also in formalization different documents linguistic aspects. Juris linguistic protects norms of art language and language of mass media from rough lexicon. Now it is said that linguistic in the role of communicative-pragmatic has new goal-responsibilities. Lingua juristic observes the low that organized throughout examining language-rights phenomenon. Main goal of lingua juristic- check under the low language and on the basis of language happening during social occasions interactions. And juris linguistic- explains normal language (its low and policy) under jurisprudence alternation meaning. Social function of the language is very wide. Language is very important in cultural, religious, national, social self-knowledge and political system. It is generally known that language has close ties with psychology, history, sociology, logics, philosophy and etc. on the basis of connection of the language with different spheres following branches made: psycholinguistics, sociolinguistics, ethno linguistics, cognitive linguistics etc. However, in the linguistic literature legitimate aspect of the language that is to say connection of language and jurisprudence is not considered as a form of research.

Key words: linguistic examination, linguistics, forensic linguistics, law, judicial process, expertise production.

Лингвистикалық сараптама мәселелері заң тілі және практикалық лингвистикалық зерттеулер шеңберіндегі белгілі бір проблемаларды шешуді мақсат етеді. Ол проблемалар шешілмейінше лингвистикалық сараптаманың өз деңгейінде жүзеге асырылуы екіталай. Осы бағытта кездесетін проблемалар және оларды шешу жолдарын қарастырып көрелік. Лингвистикалық сараптаманың негізгі проблемасы қолданбалы теориялық лингвистика аспектісімен сәйкес келетіндігімен, сонымен бірге, кейбір мәселелерді түсіндіру үшін басқа аспектіде қарастыруды қажет ететіндігімен ерекшеленеді. Қазіргі кезде лингвистикада теориялық білім бірінші кезекте адамның өзі үшін, ал лингвистиканың қолданбалы міндеттері үшін маңызды емес немесе онымен байланысы аз деген пікір қалыптасты. Шындығында, ғылыми-зерттеулердің практикадағы қолданбалы нәтижелері ғылыми теориялардың көмегінсіз жүзеге асқан емес. Қолданбалы және теориялық лингвистиканың қарастыратын нысаны ортақ. Теория белгілі бір фактілерді сипаттауға, ал лингвистикалық сараптамадағы қолданбалы зерттеулер белгілі бір ситуациялық фактілерді түсіндіруге арналады. Бұл жағдайда белгілі бір ситуациялық фактілерді түсіндіруді теорияның көмегімен жүзеге асыра алмаймыз. Әйткені белгілі бір жағдайлар мен ситуацияларды сипаттау үшін міндетті түрде лингвистикалық теория қолданылады. Ол үшін сәйкес лингвистикалық теорияны анықтап алу қажет.

Қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын қоғам мүшелерінің арасында гармониялық коммуникативтік қарым-қатынас әрқашанда мүмкін бола бермейді. Олардың арасында негативті эмоционалды психологиялық ауыр жағдайлар және түсініспеушіліктерге жол беріледі. Осылардан келіп адамдар арасында тілдік конфликтілер орын алады. Қоғам мүшелерінің арасындағы мұндай жағдайлар коммуникативтік әрекеттестіктерді реттеуге кері әсерін тигізеді. Қоғам мүшелері арасында болатын тілдік конфликтілер арнайы зерттеулерде «коммуникативтік жолы

болмаушылық» деп аталады. Бұл термин сөйлеушінің айтайын деген ойының толық емес немесе жартылай жүзеге асырылуын білдіруімен түсіндіріледі. Қоғамдағы коммуникативтік жолы болмаушылықтардың барлығы коммуникативтік конфликтілерді туғыза бермейді. Коммуникативтік жолы болмаушылықтар мен түсініспеушіліктер және т.б. коммуникация процесстерінде қосымша тілдік қатынастармен: қайта сұрақ қою, анықтау, қайта түсіндіру т.б. көмегімен сөйлеушінің айтар ойының толық жүзеге асырылуымен жол берілмеуі мүмкін. Конфликтілі ситуациялар екі жақтың қақтығысуымен немесе қызығушылықтарының, пікірлерінің, түсініктерінің келмеуінен және т.б. жағдайлардың өсерінен туындауы мүмкін.

Коммуникативтік қарым-қатынас жағдайында тараптардың бірі келесісінің ар-ұжданы мен моральдік келбетіне негативтік тілдік құралдарды қолдану арқылы нұқсан келтірген жағдайларда тілдік конфликт орын алады. Конфликт өмір шындығы ретінде көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Бұл жағдайда лингвистің негізгі міндеті – конфликт туғызған негативті тілдік құралдардың мәні мен мағынасын түсіндіру және конфликтіні шешу болып табылады. Конфликтілі ситуацияны туғызған тілдік құрал және оның лексика-сөздік жағындағы өзіндік лингвист-сарапшының назарында болуы қажет.

Сот жүйесінің қосымша тергеу жұмыстарын жүргізу үшін лингвистикалық сараптама түрлі міндеттерді шешу жұмыстарын қарастыруы қажет. Сот процесстерінде адамдар арасындағы тілдік конфликтілер лингвистикалық сараптама нысандары болып келеді. Лингвистикалық сараптаманың мақсаты – қолданбалы лингвистиканың бір үлгісі ретіндегі тілдік конфликтілерді лингвистикалық теорияның нақты ережелері және заңдылықтарымен анықтай отырып түсіндіріп беру. Бұл жерде лингвист-сарапшының басты міндеті тараптардың арасында тілдік конфликт туғызып отырған тілдік құралдардың, яғни диалогтік немесе басқа тілдік мәтіндерді құрайтын сөздердің лексикалық мағыналарында адамның ар-ұжданы мен моральдік келбетіне негативті мағыналы

сөздердің бар не жоқ екендігін теориялық және қолданбалы лингвистикалық зерттеулер жүргізу арқылы дәлелдеп беру. Сондықтан, белгілі бір ситуацияларда туындаған тілдік конфликтілердің мәтіндерінің лексикасын нақты фактілер негізінде түсіндіру мүмкіндігімен қамтамасыз ететін сәйкес лингвистикалық теорияны анықтап алу қажет.

Лингвистикалық сараптаманың маңызды міндеттерінің бірі – қоғам мүшелерінің арасында фактілер мен оқиғалардың нақты фрагменттерін шындық категориясының шеңберінде сипаттау және түсіндіру. Лингвистикалық сараптама лингвистика мен юриспруденцияның тоғысында ортақ проблемалардың мүддесі үшін қызмет етеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тілдік конфликтілі мәтіндердің қаншалықты шындыққа сәйкес екендігі лингвистикалық сараптама жауап берудің қажеттігі неде деген сұрақ туындайды. Жалпы лингвистикалық сараптаманың, сондай-ақ кез-келген сараптаманың қажеттілігі келесілермен түсіндіріледі. Айталық, қоғамдағы тілдік конфликтілерге қатысты проблемаларды теориялық лингвистиканың ережелері және практикалық лингвистиканың заңдылықтары шеңберінде заң жүзінде шешіп бере алма-сақ, аталмыш проблемаларға қатысты азаматтардың құқықтарына нұқсан келеді. Ал азаматтардың құқығы заңмен қорғалуы тиіс. Конфликтілі ситуациялардың заң жүзінде қаншалықты шындыққа қатысты екендігі тек юрислингвистика мен лингвистиканың тоғысындағы ортақ проблемаларды қарастыратын Қазақстан Республикасы үшін жас ғылым саласы болып табылатын юрислингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Лингвистикалық сараптама арқылы сот жүйесі жұмысының тиімділігін арттыруда лингвистер мен құқықтанушылар өзара әрекеттестікте қызмет етулері қажет. Зерттеу жұмысының нәтижесінде ұсынылған лингвистикалық сараптамаға сәйкес заңгер құқықтық баға береді, ал мазмұны мен түрі, сондай-ақ оның қаншалықты шындық фактіге қатыстылығын дәлелдеу – лингвистің үлесіне тиеді. Белгілі бір тұлғаның ар-ожданы мен абыройы, қызметік репутациясына нұқсан келтіретін конфликтілі мәтіндермен жұмыс істеуде лингвист-сарапшы мынадай сұрақтардың төңірегінде сараптама жүргізуі мүмкін:

1 Мәтінде белгілі бір тұлғаға бағытталған негативті сөз немесе ақпарат бар ма?

2 Егер негативті сөз немесе ақпарат болса, ол қандай формада берілген (шындыққа қатысты нақты фактілермен бекітілуі қажет)?

3 Мәтіннің коммуникативтік бағыты қандай?

4 Мәтінде бұқаралық сипат бар ма?

Ал конфликтілі мәтін экстремистік мазмұнда болса, лингвист-сарапшы келесідей сұрақтардың төңірегінде сараптама жүргізуі мүмкін:

1 Мәтін мазмұнында ұлттық, нәсілдік, діни белгілері бойынша біріккен топтар жөнінде негативті ақпарат бар ма?

2 Мәтін мазмұнында ұлттық немесе әлеуметтік топтардың тұлғаларына қатысты балағаттау сипатындағы сөздер мен ақпараттар бар ма? Бар болса, олар жеке тұлғаларға әлде бүкіл топ мүшелеріне бағытталып айтылған ба?

3 Мәтін мазмұнында белгілі бір ұлттық немесе әлеуметтік топтың басқа ұлттармен немесе топтармен салыстырғанда кем екендігін сипаттайтын сөздер бар ма?

4 Бір ұлттың немесе әлеуметтік топтың басқа ұлттар мен әлеуметтік топтардан артықшылығы айтылған ба?

5 Мәтінде бір ұлтты немесе әлеуметтік топты келесі бір ұлтқа немесе әлеуметтік топқа жауықтыруға шақыру мазмұнды сөздер бар ма?

6 Мәтінде мемлекетке немесе билік өкілдеріне шілу немесе зорлық әрекетке шақыру мақсатында келесі сөздер мен ақпараттар бар ма?

7 Мәтінде билік өкілдерінің қызметі немесе олардың лауазымдық міндеттерін атқарулары бойынша негативті мазмұнды мәліметтер бар ма? Егер ондай мәліметтер бар болса, олар қандай формаларда берілген (дәлелдейтін фактілерді келтіру қажет)?

Лингвистикалық сараптаманың нысанына тауарлардың атаулық белгілері, жекелеген сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер және мәтіндер секілді сөйлеу іс-әрекетінің өнімдері жатады. Сараптама нысаны болатын ақпарат дереккөздері - тікелей дереккөздер, жанама дереккөздер деген екі түрге бөлінеді. Тікелей дереккөздерге баспа мәтіні, ұнтаспа жазуы, сөйлеудің даулы шығармалары, жанама дереккөздерге куәлардың көрсетпелері, сот хаттамалары жатады [1, б.57].

Ал лингвистикалық сараптаманың пәні зерттелетін объектінің белгілі бір лингвистикалық бөлігі болады. Оның мақсаты — сөз бен сөйлеу мазмұнының шын/жалған, мүмкін/мүмкін емес екендігін сипатталушы объектіге қатысты мұқият зерттеу жүргізу.

Лингвистикалық сараптама — заңдық маңызы бар мәліметтерді нақтылау мақсатында өкілеттілі тұлға немесе орган тағайындайтын лингвистикалық зерттеудің бір түрі. Лингвистикалық сараптама — процессуалдық-заңдық аспектіде құқықтың тиесілі процессуалдық салаларымен (Қазақстан Республикасының ӘҚК, Қазақстан Республикасының ҚІК, Қазақстан Республикасының ӘІК) реттелетін қызметтің түрі. Демек, сараптама — дәлелдік ақпарат алудың тәсілі немесе құралы, сараптама дәлелдік ақпаратты басқа жолдармен (тәсілдермен) алу мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Лингвистикалық сараптама міндетті емес сараптамалық зерттеудің түріне жатады. Лингвистикалық сараптама қорытындысының заңдық күшіне, әлеуетіне тергеуші, сот органдары процессуалдық істің басқа дәлелдемелерімен салыстыра отырып баға береді. Лингвистикалық сараптама — лингвистикалық аспектіде айтылған

сөздің объектіге (объектілерге) қатысты алғанда шын/жалған немесе мүмкін/мүмкін емес екендігін сипаттайтын нысандарды зерттеудің түрі. Бұл тұрғыдан келгенде, лингвистикалық сараптама өндірісі тіл теориясында осы уақытқа дейін қалыптасқан лингвистикалық нысандарды зерттеудің тіл біліміндегі әдістемелерін негізге алады.

Қазіргі сөз мәдениеті тілдік нормаларды дұрыс қолдануды ғана емес, сөздің тиімділік теориясын меңгеруді үйретеді, сапалы, орынды сөз тілдік норма шарттарына сай стилистикалық және эстетикалық бағдарға құрылған болуы шарт. Орынды сөздің құрамына сөз әдебінің компоненттері толық қатысады. Қазіргі мәдени-ғылыми, ресми-ақпараттық коммуникацияның сөз мазмұны мен мәніне қоятын талабы өте жоғары, осының көкейкесті даулы мәселелерін шешу үшін соттық-лингвистикалық сараптамаға жүгінеді [2, б.109].

Айыптаушы мен айыпталушының, сотқа жүгінген жеке тұлғаның және түрлі даулар арасындағы әр түрлі қақтығыстар мен шиеленістерді шешуге лингвистикалық сараптаманың орасан зор рөлі бар. Лингвистикалық сараптаманың негізгі нысаны - субъектінің сөзі. Прагматиканың негізгі қарастыратын мәселесі - сөздегі сөйлеушінің ниеті (интенциясы). Заңгерге қылмыстық, азаматтық заң бұзушылардың «әрекетіндегі» ақиқатты табуға қиыншылық тудыратын мәселелерді шешуде лингвист-сарапшы негізгі рөл атқарады.

Лингвист-сарапшы лингвистикалық сараптаманы сапалы түрде жүргізе отырып, дйттеген мақсатына жету үшін, келесідей кісіптік құзыреттіліктерге ие болуы қажет:

1 Лингвистика аясындағы заманауи ғылыми парадигмаларды және оның даму динамикасын, лингвистикалық зерттеулердің әдіснамалық принциптер жүйесі мен әдістемелік тәсілдерін білу;

2 Гуманитарлық ғылымдар шеңберіндегі ғылыми-зерттеулер үшін теориялық және практикалық білімдерді қолдану және сын тұрғысында талдай білу, білімін өз бетінше жетілдіру;

3 Лингвистикалық терең білімі болуы;

4 Коммуникативтік стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді стилистикалық және тілдік нормаларды және оларды шешу мақсатында қолдана білу.

Лингвистикалық сараптама жасау барысында сарапшы лингвистің құзіретіне: адамдар мен азаматтарға тіл тигізу; жала жабу, есек-аяң, масқаралайтын мәліметтер тарату; қоқан-лоққы, қорқыту; ұлт, дін аралық, өлеуметтік араздықтар мен экстремистік әрекеттерге үндеу тілдік мазмұн тұрғысында баға беру жатады. Сарапшының лингвистикалық сараптамасының бірнеше мақсаты бар. Олар: сарапшыға сот қойған сауалға байланысты ақиқат немесе жалған деген тиянақты түйін, мүмкін не мүмкін емес деген оң не теріс қорытынды жасау; ақиқат не жалған

мәліметтерге тілдік тұрғыда берілген кәсіби оң не теріс баға сот үдерісіне дәлелдеме болу. Мәселен, бір адам екінші адамды балағаттаса немесе біреуге біреу жасамаған жамандығын жасады деп жала жапса, әлде өз дініндегі адамдарды өзге дін иелеріне қарсы жауласуға үндесе, шақырса, олардың мазмұнына сот сараптамасының лингвистикалық сараптамасын жасауға тура келеді.

Лингвистикалық сараптаманы жүргізу қажеттілігі көбіне сот істерін жүргізу және қарастыру кезінде заңдық фактілерді белгілеу үшін туындайды, көп жағдайда «лингвистикалық сараптама» түсінігі «соттық лингвистикалық сараптама» түсінігімен бара бар. Лингвистикалық сараптама дәлелдеу құралы болып заңдық маңызды фактілерді анықтау мақсатында заңды тұлғамен (орган) тағайындалады. Сарапшының алдында заңдық сипаттағы қызметпен байланысты нақты міндеттер қойылады. Ең көп таралған міндеттер болып мыналар табылады: айтылған сөздердің мағынасын айқындау мақсатындағы зерттеу; коммерциялық белгілердің түпнұсқа екенін анықтауды зерттеу, сондай-ақ оларға қарсы қойылған белгілермен шатастыру дәрежесін зерттеу (фонетикалық, семантикалық және графикалық белгілерімен); ауызша белгілерді қоса алғанда аралас тауар белгілеріндегі басым элементті анықтау [3, б.85].

Қазіргі кезде орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндер қылмысты ашуға және тергеу жүргізуге немесе азаматтық дауларды шешу үшін қажетті дәлел ретінде алға тартылатын көп істер қазақстандық соттарда қаралып жатыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары кейде шындыққа сәйкес келмейтін, азаматтардың арнамысына тиетін ақпаратты таратып жатады. Тағы бір жағдайларда журналистерге осындай кінә тағып, оларды орынсыз айыптайды. Жөнсіз жарнамаға, бәсекелестікке қатысты істерде, патент төңірегінде туындаған дауларда да ауызша жасалған құқық бұзушылықтар орын алып жатады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай істерді қарағанда келген фактілерді анықтау үшін, филологиялық білімді қолданбалы лингвистика, қолданбалы сөйлеу тіл салалардағы арнайы білімді қолдануды қажет етеді. Филология саласында арнайы (сараптамалық) білімдер – осы критерийлердің негізінде дау тудырған мәтінді жан-жақты және терең талдау үшін қажет.

Алайда лингвист (базалық филологиялық білімі бар маман) даулы мәтінді кез келген жағдайда білікті де объективті түрде зерттей алмайды, себебі ол үшін оның ғылыми тәжірибесі мен ғылыми білімдерінен тыс, табиғи тілдің заңдық сипаты деп аталатын мәселеде түсінігі болуы керек және заң саласында тілді қолдану ерекшеліктерін білу қажет, сондай-ақ лингвистикалық (филологиялық) сараптама жүргізгенде құқықтық жолмен реттеу және құқықты қолдану мәселелерінде түсінігі болуы керек.

Құқықтану саласы мен лингвистиканың бірлескен тұсындағы жаңа атауға ие болған лингвистикалық сараптама өзінің көкейкесті сұрағының ақиқатын табуға ұмтылды. Құқықтану саласының араласпайтын жері жоқ, сараптама соның дәлелді, фактілік айғағын растайтын құрал болғандықтан, лингвистикалық сараптама да құқық негіздерінің шындығын табуда үлкен рөл атқарады. Айғақты дерек - прагматикалық фактордың сөзі, жазбаша мәтін. Заңгердің сөзі мен лингвист сөзінің айырмашылығы бар ма, ұқсастықтары қандай? Заңгер субъект категориясының, сөзінің мән мәтінін толық түсіне бермеуі де мүмкін, тек лингвист қана оны түсіндіріп бере алады, бірақ заңгер сияқты лингвист құқықтық мәні бар жағдайларды, құқықтық категорияларды білуді мүмкін. Заңгер мен лингвист бірлесіп олардың мәтіндеріне лингвистикалық сараптама жасау арқылы даулы мәселелерді дұрыс шешімін табады. Түйіндей келгенде, заңнамалық лингвистиканың лингвистикалық сараптамасын қазақ тіл білімінің арнайы нысаны етіп қарастыру — лингвистикамыздың алдында тұрған келелі мақсат-міндеттердің бірі.

Әдебиеттер:

1 Галяшина, Е.И. Возможности судебных речеведческих экспертиз по делам о защите

прав интеллектуальной собственности // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. 2005. - N 9. - С. 50-59.

2 Бринев, К. И. О презумпциях лингвистической экспертизы: конфликтные высказывания на шкале сведение / мнение // Юрислингвистика – 7: язык как феномен правовой коммуникации. – Барнаул, 2006. – С. 103-138.

3 Бельчиков, Ю. А. Инвективная лексика в контексте некоторых тенденций в современной русской языковой коммуникации // Филологические науки. 2002. - № 4. - С. 66-93.

References:

1 Galyashina, Y.I. Capabilities of judicial linguistic examinations on the protection of intellectual property rights // Intellectual property. Copyright and neighboring rights. 2005. - N 9.- pp. 50-59.

2 Brinev, K. I. On presumptions of linguistic examination: conflicting statements on the scale of the reduction / opinion // Forensic linguistics –7: language as a phenomenon of legal communication. – Barnaul, 2006. – pp. 109-138.

3 Belchikov, Y. A. Invective vocabulary in the context of some of the trends in modern Russian language communication // Philological Sciences. 2002. - № 4.- pp. 66-93.

Автор туралы мәліметтер

Оразбаева Айтбиби Сұлтанқызы – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай қ., Қозыбаев көшесі, 107, тел. 87013432294, e-mail: oytbibi@mail.ru

Orazbayeva Aitbibi Sultanovna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of Theory of Languages and Literature Department at Kostanay State University, Kostanay, Kozybaev St., 107, phone: 87013432294, e-mail: oytbibi@mail.ru

Оразбаева Айтбиби Султановна - кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры теории языков и литературы Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Козыбаева, 107, тел. 87013432294, e-mail: oytbibi@mail.ru

УДК 070

РОЛЬ СМИ В ОПРЕДЕЛЕНИИ ЦЕННОСТЕЙ

Харченко С.В. – д.социол.н., профессор, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова

Стадниченко Н.И. – магистрант, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова

В статье рассматриваются проблемы влияния СМИ на формирование системы ценностей современной казахстанской молодежи. Обозначаются причины принципиальных затруднений в деятельности институтов социализации в становлении молодого поколения. Утверждается, что в самом процессе социализации молодежи именно государственные институты могут влиять на выработку позитивных или наоборот негативных ценностных ориентиров, поскольку они принимают фактическое участие в процессе воспитания молодого поколения. Однако превалирующую роль в воспитании молодежи РК, а также ее гражданского становления играют институты СМИ и коммуникаций. Они в реальной жизни формируют потребительские ценности, социальные, культурные ориентиры у молодежи. Авторы статьи считают, что в ближайшей перспективе необходимо активно использовать осуществление государственной пропаганды собственной системы ценностей посредством СМИ. Ведь именно газеты и ТВ - один из самых

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	АЙТМУХАМБЕТОВ А. А. АРДАБАЕВА Ф. Ж.	ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	245
ОСТИ 156	БОНДАРЕНКО Ю.Я.	ЛЕВ ТОЛСТОЙ, РЕЛИГИЯ И ЦЕРКОВЬ. ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ОЦЕНКИ.....	251
..... 161	ЛЕГКИЙ Д.М. БЕРКИМБАЕВА А.М.	КУСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МУЗЕЙ И ОБЩЕСТВО ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСТАНА НАКАНУНЕ ИВ ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ.....	256
Я 169	ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	КӨРКЕМ ПРОЗАДА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	264
Т 175	КУРЗОВА Н.А.	ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	272
ЕРА... 181	КУНГУРОВА О.Г. НИКИТЕНКО Е.Л.	КАЗАХСТАНСКИЕ РЕГИОНАЛЬНЫЕ СМИ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ.....	274
ДАҒЫ 185	НУРСЕИТОВА А.К.	ИНТЕРАКТИВНЫЙ РЕЖИМ В ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ.....	279
НОМУ 192	✓ ОРАЗБАЕВА А.С.	КОММУНИКАТИВТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ КОНФЛИКТІЛІ МӘТІНДЕРДІ ШЫНДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ СИПАТТУДЫҢ ЮРИСЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ.....	282
..... 198	ХАРЧЕНКО С.В. СТАДНИЧЕНКО Н.И.	РОЛЬ СМИ В ОПРЕДЕЛЕНИИ ЦЕННОСТЕЙ.....	286
	ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ		
В 203	НАМЕТОВ Т.	АНАЛИЗ РЫНКА ПЕРЕСТРАХОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	291
..... 209	ЖИЕНТАЕВ С.М.	ЭВОЛЮЦИЯ И СТАНОВЛЕНИЕ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ В ОБЩЕСТВЕННОМ ПРОИЗВОДСТВЕ КАЗАХСТАНА.....	297
..... 215	ГОРЕЛОВ А.Н.	МЕТОДОЛОГИЯ АНАЛИЗА ЭФФЕКТИВНОСТИ СЕЛЬСКОХО- ЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА.....	304
И ОТ Р..... 215	БАРАНОВА Н.А.	АНАЛИЗ ПОДХОДОВ К ОПРЕДЕЛЕНИЮ СУЩНОСТИ И СОДЕРЖАНИЯ ПОНЯТИЯ «КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИИ».....	309
..... 220	ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ		
..... 225	КУШНИР В.Г. БЕНЮХ О.А. БИМОЛДИН Д.Т. КУШНИР А.С.	СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КОНСТРУКЦИИ ЦЕНТРОБЕЖНОЙ МЕЛЬНИЦЫ.....	316
..... 229	ТУЛУБАЕВ Ф.Х. ҚУДАБАЕВА Н.Б. ҚАЛИЕВ Б.Қ.	ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫН ЖЫЛУМЕН ҚАМТУДАҒЫ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	321
И ТИ..... 236	ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ		
..... 243	АЙТМУХАМБЕТОВ А.А. КИМ Р.А.	ГРИД И ВЕБ-СЕРВИСНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ.....	326
..... 243	ЖОКУШЕВА З. Г. НУКАНОВА Ж. Т.	МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ГЕОЭКОЛОГИЯ».....	330